

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
25.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 25.12.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Тұншықтыратын, улы немесе басқа да ұқсас газдар мен бактериологиялық құралдарды соғыста қолдануға тыйым салу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов мырзаға беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы өзінің бейбітсүйгіштік саясатын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап дәлелдеп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаппай қырып-жою қаруын пайдаланбау, барлық биологиялық зерттеулерді тек бейбіт мақсатта пайдалану, халықаралық қауіпсіздікті нығайту бойынша өз ұстанымын әлемдік деңгейде көтеріп, нақты істермен дәлелдеді.

Қазақстан Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қаруды әзірлеуге, өндіруге және олардың қорын жинақтауға тыйым салу және оларды жою туралы конвенцияны бұрын ратификациялаған. 2007 жылы осы құжатты дайындауға уәкілетті орган болып Білім және ғылым министрлігі белгіленген.

Осы қабылданған конвенцияны толықтыратын және нығайтушы элемент ретінде саналатын Женева хаттамасы болып табылады. Бұл екі халықаралық құжат бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Ұсынылып отырған Женева хаттамасы халықаралық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқарады және осы саладағы қажетті тетіктердің бірі болып табылады.

Аталмыш хаттама ХХ ғасырдың басында қабылданса да, бүгінге дейін ол осы химиялық тұншықтыратын улы бактериологиялық құралдарды қолдануға тыйым салатын әлі күнге дейін басты заңды құжаттың бірі болып танылады. Сондықтан министрлік бүгін Женева хаттамасын ратификациялау мәселесін назарларыңызға ұсынып отыр.

Қазіргі кезде 1925 жылғы Женева хаттамасына қатысушы мемлекеттер саны 142.

КСРО Женева хаттамасын 1928 жылғы 5 сәуірде ратификациядан өткізген болатын.

Ресей Федерациясы осы хаттаманы 2001 жылы ратификациядан өткізген.

2000 жылдардың басында біраз мемлекеттер осы хаттаманы өткізген болатын.

Женева хаттамасын қабылдау туралы үндеу Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының тиісті қарарларында да қамтылған және Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің тапсырмаларында айтылған.

Женева хаттамасы еліміздің сыртқы саясатының тұжырымдамасына сәйкес келеді және қырып-жою қаруын таратпау және биологиялық қауіпсіздікті нығайту салаларындағы бастамалардың бірі болып табылады.

Президент Әкімшілігінің және Қауіпсіздік Кеңесінің тапсырмасы бойынша Женева хаттамасын ратификациялау мәселесі біздің министрлікке жүктелген болатын.

Құжаттың ғылыми-құқықтық сараптамасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жүргізді. Және де осы сараптамаға сәйкес Женева хаттамасы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға толық көлемде сәйкес келеді және заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді деген қорытынды алған болатынбыз.

Бұл құжат Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын іске асыруды шектемейді және кедергі келтірмейді.

Жаппай қырып-жою қаруын қолдануға тыйым салатын мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының Женева хаттамасын ратификациялау саяси маңызға ие және халқымыздың мүдделеріне сәйкес келеді.

Аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Қысқаша баяндама аяқталды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бахытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Бүгінгі қаралып отырған хаттаманың нормалары соғыста тұншықтыратын улы және басқа да ұқсас газдар мен бактериологиялық заттарды қолдануға тыйым салуға бағытталған.

Кеңес заманында Қазақстанда биологиялық және биохимиялық зерттеулердің, соның ішінде әскери сипаттағы алдыңғы қатарлы жұмыстарының болғанын атап өткім келеді. Биологиялық зерттеулердің тұтас полигоны 52-ші проблемалы ғылыми-зерттеу зертханасында белгілі болды.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген биологиялық және биохимиялық зерттеулердің тәжірибесі қалай қолданылады және олардың қаралып отырған хаттамамен өзара байланысы қандай болмақ? Осыған жауап берсеңіз. Рақмет.

АЙТМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрағыңызға көп рақмет.

Бүгінгі күні біздің елімізде биологиялық бейіндегі әртүрлі 16 ғылыми ұйым бар, соның 14-і Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты. Және биологиялық қауіпсіздік саласында бес стратегиялық нысанның үшеуі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде. Бұл тарапта біраз жұмыс жасалып жатыр. Соның ішінде осы биоқауіпсіздік, гранттық қаржыландыру бойынша зерттеулер бар. Соның ішінде биобанк және әртүрлі штаммдарды сақтау бойынша бізде Ұлттық биологиялық орталық бар, сол орталықта Денсаулық сақтау министрлігімен бірге жана жобаны да бастап кеттік. Ұлттық биологиялық орталық біздің еліміз бойынша көш бастап тұрған, мысалы, «Clarivate Analytics» компаниясында, «Web of science» пен «Scopus» сайттарында жарияланған мақалалар бойынша да көш бастап тұрған ұйымдар. Сондықтан бүгінгі күні биологиялық нысандағы, биологиялық бағыттағы зерттеулердің әлеуеті өте зор және халықаралық деңгейде нақты көрсете алатын жақсы зерттеулердің нәтижелері бар.

Өздеріңіз білесіздер, осы тұрғыда біздің ұйымдар әртүрлі конференциялар өткізіп, жалпы, бейбітсүйгіштік саясаттың шеңберінде осы жұмысты әрі қарай жалғастырып жатыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства иностранных дел.

Согласно Женевскому протоколу запрет на применение химического или биологического оружия на войне распространяется на все 140 стран – участниц протокола по отношению друг к другу. При этом возникает вопрос: как будут соблюдаться условия протокола со стороны его участника в случае возникновения военных действий между ним и страной, которая не является участницей протокола? Какая ответственность возлагается на страну, применившую данные виды оружия?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр Ашикбаев.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Джамиля Нусупжановна, дело в том, что данный протокол дополняет также и Конвенцию о бактериологическом, биологическом и токсичном оружии, которая была совершена в 1972 году и участницами которой являются 183 страны. Таким образом, есть понимание, что ни одна из стран мира сегодня официально не обладает таким видом оружия массового уничтожения. Гипотетически такая возможность существует, но все необходимые условия для предотвращения того варианта развития событий, о котором Вы упомянули, в конвенции имеются. Все необходимые меры содержатся.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Біз бүгінгі таңда тыйым салынған діни ағымдары бар көптеген елдер бар екенін жақсы білеміз. Олар өз кезегінде белгілі бір елдің заңы шеңберінен асып түсетінін де жақсы білеміз.

Егер химиялық қару олардың қолдарына тисе, онда олар басқа елге қатысты оны қолдана ма? Мұндай тосын оқиғаға жол берген осындай елдерге қатысты хаттама бойынша қандай шаралар қолданылатын болады?

АЙТМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрағыңызға көп рақмет.

Жалпы, бұл хаттама 1925 жылы қабылданса да, негізі бұл улы заттарды таратпаудың ең басты тетіктерінің бірі болып табылады. Сондықтан халықаралық әртүрлі келісімшарттарға сәйкес осы хаттаманы бұзған елдерге тиісті халықаралық деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдардың деңгейінде тиісті шара қолданылатын болады. Онда Вена конвенциясының, басқа да конвенциялардың шеңберінде іске асатын санкциялар қабылданады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шишигина Ольга Васильевнаға беріледі.

ШИШИГИНА О.В. Спасибо.

К данному Женевскому протоколу присоединилось 140 государств. Несомненно, он имеет важное значение в части установления запрета на биологическое и химическое оружие.

Скажите, пожалуйста, имелась ли в мире практика применения данных видов оружия и какие последствия от них были?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Ольга Васильевна, вопрос, наверное, также адресован нам.

Во время Первой мировой войны были нарушения Гаагской конвенции, в которой также существовали определенные нормы, запрещающие использование такого рода вредных химических веществ. Тем не менее во время Первой мировой войны применение было, как мы все знаем из истории.

Во время строительства и архитектуры нового миропорядка, после Версальского мира все эти нормы, в том числе и Женевский протокол, стали логическим последствием заключенных мировых соглашений. И это одна из составных частей Версальского мира. Поэтому до сих пор данный протокол вместе с принятой в 1972 году конвенцией является основополагающим в международном праве по производству и распространению химического, биологического оружия в вооруженных конфликтах.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Хаттамада улы газдар мен бактериологиялық заттарды соғыста қолдануға тыйым салу туралы ұғым көзделген.

Сонымен бірге бүгінгі әлемде жергілікті жауынгерлік іс-қимылдарда химиялық қаруды қолдану жағдайлары кездеседі, бірақ бұл терминология соғыста қолдану ұғымына жатпайды.

Түсіндіріңізші, қандай халықаралық құқықтық актілердің негізінде атап өткен заттарды жергілікті әскери іс-қимылдарда қолданушы субъектілер жауапкершілік алатын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Ашықбаев.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Сұрағыңызға рақмет.

1925 жылы жергілікті дағдарыстар соғысқа әкелетін жағдайда болды. Сондықтан оны тарихи контексте қарастырған жөн болар. Ал енді қазіргі кезде құқық бұзушылықтар орын алса, олар Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінде қаралып, тиісті санкциялық резолюциялармен жауапкершілікке тартылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Асхат Канатович! В прогнозе возможных экономических, социальных, правовых, экологических последствий действия принимаемого закона отмечено, что некоторые биологические и химические агенты могут стать причиной заболеваний. Такое воздействие считается общеизвестным и является предметом научных трудов.

Как известно, в настоящее время в городе Алматы действует Центральная референтная лаборатория, которая является хранителем штаммов опасных и особо опасных инфекций для человека и животных.

В этой связи поясните, пожалуйста, какова практическая целесообразность данной лаборатории для нашей страны и связана ли ее деятельность с рассматриваемым протоколом?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Спасибо за вопросы.

В 2004 году было заключено соглашение, в рамках которого и построена данная лаборатория в городе Алматы. В настоящее время там располагается Казахский научный центр карантинных зоонозных инфекций. Вы знаете, это достаточно большое четырехэтажное здание, где хранятся определенные штаммы, проводятся исследования. В целом деятельность данного научного учреждения является чисто научной: проводятся научные исследования, располагается несколько научных организаций, в том числе одна из научных организаций – филиал Национального центра биотехнологий.

В данном случае сотрудничают три министерства, работают подведомственные организации Министерства сельского хозяйства, Министерства образования и науки и Министерства здравоохранения. Исключительно только научные исследования, каких-то опасных штаммов возбудителей, угрожающих жизни человека, нет.

ТӨРАҒА. Понятно. Спасибо.

Сонымен, құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Асхат Қанатұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Тимощенко Юрий Евгеньевичке беріледі.

ТИМОЩЕНКО Ю.Е. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! Женевский протокол от 17 июня 1925 года устанавливал запрет на применение на войне удушающих, ядовитых или других подобных газов, равно как и всяких аналогичных жидкостей, веществ и процессов, а также бактериологических средств ведения войны, но не запрещал участникам протокола производить, хранить и транспортировать такое оружие. Эти аспекты, связанные с перемещением химического и бактериологического вооружения, стали предметом более поздних международных договоров, а именно – Конвенции о запрещении разработки, производства и накопления запасов бактериологического (биологического) и токсичного оружия и об их уничтожении от 10 апреля 1972 года и Конвенции о запрещении разработки, производства, накопления и применения химического оружия и его уничтожении от 13 января 1993 года. Казахстан присоединился к указанным конвенциям и ратифицировал их.

Как известно, Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев как активный сторонник нераспространения оружия массового уничтожения признан лидером в данном вопросе в мировом масштабе.

В этой связи присоединение нашей страны к Женевскому протоколу покажет приверженность Казахстана принципам и целям норм международного права и имеет важное значение для сотрудничества с государствами-участниками протокола по формированию всеобщей политики по запрещению применения на войне удушающих, ядовитых или других подобных газов и бактериологических средств.

На основании вышеизложенного проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о запрещении применения на войне удушающих, ядовитых или других подобных газов и бактериологических средств» актуальный и необходимый.

Законопроект всесторонне рассмотрен на заседаниях рабочей группы и комитета. Комитетом внесены поправки в текст закона по юридической технике.

Все комитеты Мажилиса Парламента дали положительные заключения по законопроекту.

Предлагаю одобрить проект закона и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Юрий Евгениевич.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі күні әлемде химиялық және бактериологиялық қарудың қауіпі әлі де мүмкін болып отыр.

Өткен ғасырдың қару-жарак жарысы дәуірінде көптеген елдер әртүрлі уландырғыш және тұншықтырғыш заттардың үлкен бөлігін әзірлеген болатын, мұны кейіннен, өкінішке орай, кейбір елдер қолданған.

Химиялық қаруды қолдануға тыйым салатын 1907 жылғы Гаага конвенциясының нормаларын бұзу әлемдік қоғамдастықтың үлкен наразылығын және айыптауын тудырды және осы үлгідегі қаруды қолдануға тыйым салуды растайтын жаңа халықаралық келісімді қабылдауға ықпал етті.

Қазіргі уақытта Женева хаттамасына 140 мемлекет қосылды деп баяндауға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы жаппай қырып-жою қаруын таратпау бастамашылары мен көшбасшыларының бірі ретінде осы хаттаманың қатысушысы болуы қажет деп санаймыз.

Қазақстан Жаппай қырып-жою қаруын таратпау халықаралық процесіне қатысушы ретінде биологиялық (токсиндік) қаруға тыйым салу туралы конвенцияның шеңберінде қабылданған барлық міндеттемелерді әрдайым орындағанын және әлі де орындап келе жатқанын ескеру қажет.

Біздің еліміз жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымына биологиялық саладағы қызмет туралы ақпарат ұсынады, бұл осы саладағы ашықтық пен болжамдығын құруға ықпал етеді.

Біз бүкіл әлемдік қоғамдастыққа мемлекеттер арасындағы барлық дауларды реттеудің негізі бейбіт диалог пен сындарлы келіссөздер болуы тиіс екенін көрсетуге тиіспіз.

Бұл Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси бағытының дұрыстығы мен дәйектілігін, олардың бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген ерік-жігерін тағы да дәлелдей түседі.

Осы баяндалғанның негізінде заң жобасын қолдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерсұлтан Өтеғұлұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Шешім қабылданды.



*Дүрсін: Құжаттамамен қалыптамағыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі,
Мамат Н. Мамытбаев*